

**«Оқыту әдістері және инновациялық технологиялар» тақырыбында өткен жас мамандарға арналған әдістемелік көмек көрсету туралы**

**АНЫҚТАМА**

**Өткізілген мерзімі:** 16.10.2024 ж.

**Өткен орны:** Кітапхана

**Қатысушылар:** Д.Қонаев атындағы ЖББОМГ жас мамандары, тәлімгерлер, мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарлары, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының мұғалімдері

**Мақсаты:**

1. Оқыту әдістері мен инновациялық технологияларды талқылау және олардың қолдану мүмкіндіктерін зерделеу.
2. Жас мамандарға педагогикалық шеберлікті дамыту үшін әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсету.
3. Орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімдерімен тәжірибе алмасу арқылы кәсіби дағдыларды жетілдіру.

Семинар барысында инновациялық технологияларды сабақ барысында қолданудың тиімділігі, заманауи оқыту әдістерінің ерекшеліктері және оларды енгізу жолдары терең талқыланды. Жас педагогтарға білім беру процесіне жаңа технологияларды тиімді енгізу бойынша нақты ұсыныстар мен кеңестер берілді. Жас мамандарды әдістемелік қолдаудың маңыздылығы түсіндіріліп, шараның негізгі бағыттары туралы мәлімет берілді.

Шунышпаева С.Е., орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, «Роль наставничества в профессиональном становлении молодых педагогов» тақырыбында баяндама жасап, жас педагогтарға тәлімгерліктің кәсіби дамудағы рөлі туралы жан-жақты түсініктеме берді. Ибатов Р.Б. «Сабақта топтық және жұптық жұмысты ұйымдастыру әдістері» тақырыбында баяндама оқып, оқушылардың белсенділігін арттырудағы әдістердің тиімділігін көрсетті. Орыс тілі мен әдебиеті кафедра мүшелері заманауи оқыту әдістері, өздерінің жаңа бастамалары және инновациялық жобалары туралы жан-жақты ақпарат ұсынды. Жас мамандар арасында еркін пікірталас ұйымдастырылып, жас мамандар өз сұрақтарын қойып, пікірлерімен бөлісті. Жаймағанбетова Ж.Т. жас мамандармен кері байланыс жүргізді, олардың пікірлері мен ұсыныстарын тыңдап, жұмыс барысында кездесетін қиындықтарды талқылады. Жас мамандар оқыту әдістерін жетілдіру, сабақ барысында кездесетін проблемаларды шешу жолдары және кәсіби байланыс орнату бойынша кеңестер алды.

Отырыс барысында жас мамандар оқыту әдістері мен инновациялық технологиялардың артықшылықтары мен мүмкіндіктерін түсініп, өз кәсіби тәжірибесіне енгізудің маңыздылығын анықтады. Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының мұғалімдерімен тәжірибе алмасу олардың кәсіби өсуіне оң әсер етті. Іс-шара жас педагогтарға кәсіби шеберлік пен дағдыларды дамыту бағытында жаңа серпін берді және олардың өз саласында әрі қарай табысты жұмыс істеуіне қолдау ретінде бағаланды.

Анықтама жазған:  Сарина С.Р.-мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары